



ӨЗЕКТИ

ҚАҢҒЫБАС ИТ ҚАППАСЫН!




СОҢҒЫ УАҚИТТА АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫН БҰРАЛҚЫ ИТ МӘСЕЛЕСІ ҚАТТЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫР. КӨШЕГЕ КӨЗ САЛСАҢЫЗ, ТОПТАСЫП ЖҮРГЕН ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІ ЖИІ КЕЗДЕСТІРУГЕ БОЛАДЫ. БҰЛА ЖАҒДАЙ ХААЛЫҚТЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҒАНА БҰЗЫП ҚОЙМАЙ, АДАМ ӨМІРІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЕР ТӨНДІРЕРІ АНЫҚ. ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІҢ КӨБЕЮІ, ОЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛУЫ ТҮРҒЫНДАР АРАСЫНДА АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТУҒЫЗЫП ОТЫРҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ӘСІРЕСЕ, АТА-АНАЛАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АЛАҢДАУЛЫ. «КӨШЕНІҢ БАРЛЫҚ ЖЕРІНДЕ ЖАБАЙЫ ИТТЕР ӨРІП ЖҮР. ҚЫСТЫҢ ҚАРА СУЫҒЫНДА МЕКТЕПКЕ, БАЛАБАҚШАҒА БАРАТЫН БАЛАЛАРЫМЫЗ ҮШІН АЛАҢДАЙМЫЗ. ӨЙТКЕНІ ҰЙҒЫСЫП ЖҮРГЕН ИТ КӨП. АЛ ОЛАРДЫ АУЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ӘЛІ ДЕ ЖҮЙЕЛІ ҚОЛҒА АЛЫНБАЙ ОТЫР. КҮН САЙЫН ИТ ҚАБУ ОҚИҒАЛАРЫ ОРЫН АЛЫП ЖАТЫР», – ДЕЙДІ МАҚАТ КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНЫ Б.НҰРЫМОВА.

БҰЛ – БІР ҒАНА ТҮРҒЫННЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ ЕМЕС. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН АУДАҢДЫҚ TELEGRAM ЧАТТАРЫНДА ТҮРҒЫНДАР ТОПТАСЫП ЖҮРГЕН ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІҢ СУРЕТТЕРІН ЖИІ ЖАРИЯЛАП, ҚАУІПТІҢ СЕЙІЛМЕЙ ТҮРҒАНЫН АЙТЫП, ТИІСТІ МЕКЕМЕЛЕРДЕН НАҚТЫ ШАРА ҚАБЫЛДАУДЫ ТАЛАП ЕТУДЕ.

3

АҢДАТПА



«Сор үстіне саябақ салу керек»

2



«Әннің де естісі бар, есері бар...»

5



Палуандар боз кілемде белдесті

6

БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА



ТЕЛЕФОНҒА ТЕЛМІРГЕН БАЛА

ЗАМАН ДАМУЫН САЙЫН АДАМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ДА ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ. ХХІ ҒАСЫР – АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚАРЫШТАП ДАМУЫН ДӘУІР. БҮГІНДЕ ТҮРЛІ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ҚОЛЫМЫЗДАҒЫ СМАРТФОН АРҚЫЛЫ БІР СӘТТЕ БІЛІП ОТЫРАМЫЗ. АЛАЙДА ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТПЕН ҚАТАР ҚАЖЕТСІЗ ДҮНИЕГЕ ДЕ УАҚЫТ ЖҰМСАП, БОС УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНА АЛМАЙ ЖҮРГЕНІМІЗ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.

БҰЛ ҮРДІС ЕРЕСЕКТЕРМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙ, БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ДА КЕҢІНЕН ЕТЕК ЖАЙЫП ОТЫР. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖЫЛАҒАН БАЛАНЫ ЖҰБАТУ ҮШІН ҚОЛЫНА ТЕЛЕФОН ҰСТАТА САЛУ ҚАЛЫПТЫ ӨРЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫ. АЛ МҰНЫҢ СОҢЫ БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТПІ, ГАДЖЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІККЕ АЛЫП КЕЛЕТІНІ КӨБІНЕ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛЫП ЖАТАДЫ.

(Жалғасы 3-бетте)

*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына»
2026 жылға жазылу
жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға -
2272 теңге
66 тиын

Заңды тұлғаға
6 айға -
3993 теңге
60 тиын

11 айға -
4166 теңге
54 тиын

11 айға -
7321 теңге
06 тиын

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
заңды тұлғалар үшін –
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті
"Мақат тынысынан" ғана ала
аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің
сенімді серігіңіз болуға дайын!
Бір рет жазылып, жыл бойы
рухани азық алып тұрыңыз!

Құрметті оқырман!



Отбасымыздың тірегі, алып бәйтерегіміз, асыл жар, ардақты әке, қимас бауыр, немере-жиен, шөберелерінің сүйікті атасы, ұлағатты зейнеткер ұстаз

СЕЙТОВ КАМАЛИДЕН (КАМАЛИ) ДЕМЕСІНҰЛЫНЫҢ

рухына бағышталған жыл толу қадесі 2026 жылы 18 қаңтарда сағат 12:00-де өтетінін барша көз көрген жамағатқа хабарлаймыз.

Өтетін орны: Атырау қаласы, "Samruk hall" мейрамханасы ("Нұрсая" ы/а, Ақжарма, 31)

Сейтовтер әулеті

Редакцияда облыстық «Атырау» және «Прикаспийская коммуна» газеттеріне, сонымен қатар 7 аудандық («Кең Жылой», «Қызылқоға», «Дендер», «Серпер», «Нарын таңы», «Жайық шұғыласы», «Мақат тынысы») газеттеріне жарнама қабылдаймыз.

Телефон: 3-07-66, +7 778 482 17 55



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырау Грунт» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарлайды, келесі мекен-жай бойынша: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Доссор кенті, Галия Сүлейменова көшесі, 39, Доссор мәдениет үйі ғимаратында, 2026 жылдың 23 ақпанында, сағат 15:05-де, «Атырау облысы Мақат ауданыдағы «Жалғас» саз жыныстары кен орнын игеру үшін тау-кен жұмыстарының жоспарына» қоршаған органы қорғау бөлімі.

Геологиялық бөлу координаттары:
СЕ 47° 23' 30,0", 52° 36' 40,0" ШБ;

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Мақат ауданы

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:
Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWG0dTNlQ2VTZz09>
Жеке конференцияның идентификаторы: 598 440 2741. Кіру коды: 6771 18.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbcology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)35-45-59, БСН 050140002850.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Атырау Грунт» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Бақтыгерей Құлманов, 117/1к-сі. ЖСН 231240021900.

Жобаны жасақтаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Саркамьс-2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. БИН 190940023028.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады gulsim81@list.ru және 87017455732 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Атырау Грунт" в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, объявляет о проведении общественного слушания в форме открытого собрания по адресу: Атырауская область, Макатский район, Доссорская п.а., п.Доссор, ул. Галия Сулейменова 39, Дом культуры Доссор, 23 февраля 2026 года, в 15:05ч. по проекту: «Раздел охраны окружающей среды к Плану горных работ для разработки месторождения глинистых пород "Жалгас" в Макатском районе Атырауской области».

Координаты геологического отвода:
47° 23' 30,0", с.ш. 52° 36' 40,0" в.д.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Атырауская область, Макатский район

Ссылка для подключения на платформе Zoom:
Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWG0dTNlQ2VTZz09>
Идентификатор конференции: 598 440 2741. Код доступа: 6771 18.

Проектная документация размещена на едином экологическом портале <https://hearings.ndbcology.gov.kz/Public/PubHearings>, а также на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», 060011, Атырауская область, г., Атырау, улица Әйтеке би, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)35-45-59, БИН 050140002850.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Атырау Грунт». Атырауская область, г. Атырау, ул. Бақтыгерей Құлманов, 117/1 БИН 231240021900

Проектная организация: ТОО «GBR PROJECT». Атырауская область, г. Атырау, мкрн. Саркамьс-2, ул.14, дом 37. БИН 190940023028.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу gulsim81@list.ru а также по сот.: 87017455732.

Қаперге!



ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАҢЫЗ!

Автокөліктегі өрт қауіпсіздігі — әрбір жүргізуші білуі тиіс өте маңызды тақырып. Өйткені көліктегі өрт санаулы минуттар ішінде бүкіл автокөлікті жарамсыз етіп тастауы мүмкін.

Сондықтан өрттің алдын алу және төтенше жағдайда әрекет ету бойынша негізгі нұсқаулықтарды назарларыңызға ұсынамыз.

Көліктегі өрт көбінесе келесі жағдайлардан туындайды:

- Электр сымдарының қысқа тұйықталуы және оқшаулағыш қабатының тозуы немесе сапасыз қосымша жабдықтар орнатудан;
- Жанармай жүйесінің ақауы, яғни жанармай шлангтарының жарылуы немесе бензиннің ыстық қозғалтқышқа тамшылауынан;
- Газ жабдығы. Газ баллонының дұрыс орнатылауы немесе тексерістен өтпеуінен;
- Қозғалтқыштың қызып кетуі

немесе ұзақ уақыт жоғары жүктемеде жұмыс істеуінен.

Осы себепті көліктің өрт қауіпсіздігінің ережелері мен алдын алу шараларын орындау қажет.

- Техникалық байқау: Көліктің электр және жанармай жүйелерін үнемі тексеріп тұрыңыз;
- Өрт сөндіргіш: Көлікте міндетті түрде жарамды өрт сөндіргіш болуы керек. Оны жүк салғышта емес, жүргізушіге қолжетімді жерде ұстаған абзал;
- Тазалық: Қозғалтқыш бөлігінде майланған шүберектерді, қағаздарды немесе тез тұтанғыш заттарды қалдырмаңыз;
- Өрт шыққан жағдайда не істеу керек?

- Егер көліктен түтін шықса немесе жану иісі сезілсе көлікті бірден жол жиегіне тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз, қол тежегішін тартыңыз;

- Жолаушыларды эвакуациялаңыз; Барлық адамдарды сыртқа шығарып, көліктен кемінде 10-15 метр қашықтыққа алыстатыңыз;

- Тоқты ажыратыңыз; Мүмкіндік болса, аккумулятордың клеммаларын ажыратыңыз;

- Өртті сөндіріңіз; егер түтін қапottың астынан шықса, оны тіріп, лап ете түсуі мүмкін);

- Капотты абайлап көтеріп, саңылау арқылы өрт сөндіргішті шашыңыз;

- Көмек шақырыңыз; 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Мақат аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

* Хабарландыру

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҚАТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ 2026 ЖЫЛҒА МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН ОРНАЛАСТЫРУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша көрсетілген қызметтерді берушілердің тізбесіне енгізілген талаптарды жүзеге асыратын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға конкурстық рәсімге қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларын, дабыл түймешесін және дауыстық хабарландыруды орналастыру сызбасы;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
- 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің

МӘМС

Емханада есепте тұрған азаматтар есіне

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық көмек пакеттеріне және оны көрсету тәртібіне қатысты бірқатар өзгерістер күшіне енеді. Әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша диагностика, бақылау және емдеу ТМҚКК аясында көрсетіледі.

Ал созылмалы аурулары бар азаматтарға медициналық көмек МӘМС жүйесі шеңберінде көрсетіледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Атырау облысы бойынша филиалы бұл өзгерістер туралы толығырақ түсіндірді.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы Жолдауындағы тапсырмалардың бірі – бюджет мүмкіндіктерімен теңгерілген және азаматтарға қажетті медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ететін Бірыңғай базалық мемлекеттік медициналық көмек пакетін құру болды. Осы бағыттағы жұмыстар бір жыл бойы жүргізілді. Ал 2025 жылдың шілде айында Президент МӘМС және медициналық қызметтер көрсетуге қатысты өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін Заңға қол қойды. Жаңашылдықтардың бір бөлігі биыл күшіне енсе, әлеуметтік маңызы бар және созылмалы аурулар тізбесіне қатысты нормалар 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Осыған байланысты пациенттерді бірқатар сұрақ мазалайды: бұл өзгерістер оларға нақты қалай әсер етеді, олар медициналық көмексіз қалай ма, сондай-ақ сақтандыру мәртебесі керек пе?

КҮДІК ПАЙДА БОЛДЫ – ТЕКСЕРДІ

Ең маңызды өзгерістердің бірі – әлеуметтік маңызы бар ауруға күдік болған жағдайда (бекітілген тізбе бойынша) қажетті тексерулер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тағайындалады.

Бұрын ол тек туберкулез немесе АИТВ инфекциясына күдік болған кезде ғана мүмкін еді.

Ал қатерлі ісік немесе бауыр циррозы қаупі анықталған жағдайда тексерулер тек сақтандырылған азаматтарға ғана көрсетілді. Себебі бұл қызметтер МӘМС пакетіне кірді.

2026 жылдан бастап ТМҚКК аясында тексеру және емдеу келесі әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша көрсетіледі:

- туберкулез;
- АИТВ инфекциясы;
- қатерлі ісіктер;
- созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы;
- психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар;
- орфандық аурулар;
- жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары;
- орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялаушы аурулары;
- эпилепсия;
- жедел миокард инфаркті (алғашқы 6 ай ішінде);
- инсульт (бір жыл ішінде).

Әлеуметтік маңызы бар және кең таралған ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтік тексерулер, оның ішінде қатерлі ісікке арналған скринингтер де сақтандыру мәртебесіне қарамастан ТМҚКК аясында жүргізіледі.

ДИАГНОСТИКА, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ – САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІНІҢ ҚОРҒАУЫНДА

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізіледі.

Бұл тізімге келесі ауру түрлері кірді:

- қант диабеті;
- балалардың церебралды сал ауруы;
- дәнекер тіннің жүйелі аурулары;
- ревматизм;
- артериялық гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары);
- төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары;
- Бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы;
- ас қорыту жүйесінің аурулары;
- сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде

белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;

5) медициналық көмек көрсетуге (медициналық қызмет көрсету) шарт болмаған кезде медициналық қызметке лицензиялар;

6) конкурсқа құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер;

Растайтын құжаттар:

1) Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №59 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2021 жылғы 13 шілдеде № 23469 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымның санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі;

2) Санитарлық ережелер бойынша материалдармен және құралдармен жабдықтаудың қажетті деңгейіне сәйкестігі;

3) Тәрбие мен оқыту бағдарламаларының Стандарт талаптарына сәйкестігі;

Конкурсқа сұраныс және қосымша ақпарат алу мына мекен-жайда жүргізіледі: **Мақат кенті, С.Мұқашев №47, Атырау облысы білім беру басқармасының Мақат аудандық білім бөлімі** тел: 3 21 73



дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қажетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Қазақстанда 1,5 миллион адам артериалды гипертония бойынша есепте тұр.

Аталған ауру түрі алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде басқарылатын ауруларға жатады және динамикалық бақылауды дұрыс ұйымдастырған жағдайда толық бақылауда болады. Мұндай пациенттерге кардиологқа уақытылы қарау, жағдайын бағалау және дәрілік терапияны тағайындау үшін қажетті тексерулерді өту қажет. Мысалы, электрокардиография, Холтерлік мониторинг, тәулік бойы артериалды қысымды бақылау. Денсаулық сақтау саласының заңға енгізілген өзгерістер бойынша жұмыс жасаған мамандарының айтуынша, созылмалы аурулар жиі асқынулар тудырады, себебі пациенттер өз тарапынан дәрігердің тамақтану, ұйқы режимі, дәрі-дәрмек қабылдау, аралық қабылдауларға келу сияқты ұсыныстарын жеткілікті деңгейде сақтамайды.

Сонымен қатар жыл сайын мидың қан айналымы мен жүрек бұлшықетінің бұзылуының (инсульт, инфаркт) 50 мыңға дейінгі жағдайы тіркеледі.

Аталған ауруларды емдеу құны заманауи жоғары тиімді технологияларды қолдануға байланысты 7 миллион теңгені құрайды, бұл көптеген азаматтар үшін күтпеген шығын болары сөзсіз.

Амбулаториялық диализ алатын бір пациенттің орташа шығыны жылына шамамен 5 миллион теңгені құрайды.

МӘМС жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – медициналық көмек алу барысында азаматтарды кенеттен туындайтын жоғары шығындардан қорғау. Олар жүйеге 51 000 теңге көлемінде жарна төлеп, барлық медициналық қызметтердің толық тізіміне қол жеткізеді.

Осылайша күтпеген жоғары шығындардан өзіңізді қорғап, денсаулығыңыздың жай-күйін бақылауда ұстау үшін МӘМС жүйесінде мәртебеңізді дер кезінде рәсімдеп, кейін жарналарды тұрақты түрде төлеу маңызды.

Айта кету керек, аталмыш диагноздары бар азаматтардың көпшілігі жеңілдік санаттарына кіреді және мемлекет есебінен сақтандырылған. Тағы бір бөлігі D және E санаттарына жатады, олар келесі жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың жарналары есебінен сақтандырылмақ. Сондай-ақ, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтар өз денсаулығы үшін жауапкершілікті бәлсізге қабылетті.

Жалпы, енгізілген түзетулер денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландыру моделін сақтандыруға негізделген жүйеге жақындатуға мүмкіндік береді, бұл модельді әзірлеу кезінде бастапқыда жоспарланған бағытқа сәйкес келеді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт — <https://msqory.kz/ru/>
Youtube-канал — https://www.youtube.com/@msqory_kz
Telegram-канал — <https://t.me/medsaqtandtyru>
Facebook — <https://www.facebook.com/msqory/>
Instagram — https://www.instagram.com/msqory_kz/